

# СООКІЕ ФАЙЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы мәлімдеме «ПВ «Фарм Евразия» ЖШС-нің (әрі қарай — «Оператор») тиесілі *Polyoxidonium.kz* сайтындағы (әрі қарай — «Сайт») соокіе файлдарын өңдеу шарттарын айқындайды, сондай-ақ Сайт Пайдаланушыларының пайдалануына байланысты ақпаратты жинау мақсаттары, тәсілдері мен көлемін түсіндіреді.

## 1. СООКІЕ ФАЙЛДАРЫ ДЕГЕН НЕ

1.1. Соокіе файлдары — бұл Сайтқа кірген кезде Пайдаланушының құрылғысындағы (компьютер, планшет, смартфон және т.б.) браузер сақтап қоятын шағын мәтіндік файлдар. Оларда пайдаланушыны сәйкестендіруге, оның іс-қимылын сараптауға және дербестендірілген баптауларды сақтап қоюға мүмкіндік беретін деректер болады.

## 2. СООКІЕ ФАЙЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТТАРЫ

2.1. Сайттағы соокіе файлдарын Оператор мына мақсаттарда пайдаланады:

- Сайт пен оның сервистерінің дұрыс жұмысын қамтамасыз ету;
- пайдаланушылардың авторизациясы мен сеанстарын техникалық қолдау;
- пайдаланушы баптауларын сақтау (мысалы, тілді таңдау);
- кіру статистикасы мен пайдаланушылардың іс-қимылдарын талдау (веб-сараптама);
- жарнамалық кампаниялар мен трафик көздерінің тиімділігін бағалау;
- контентті дербестендіру және пайдаланушы тәжірибесін жақсарту.

## 3. ҚОЛДАНЫЛАТЫН СООКІЕ ФАЙЛДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

3.1. Сайтта мына соокіе санаттары қолданылады:

- Міндетті (техникалық) — сайттың жұмысы үшін қажет. Оларсыз Сайт немесе оның жекелеген функцияларының жұмысы мүмкін емес.
- Функционалдық — пайдаланушының баптаулары мен талғамдарын сақтауға мүмкіндік береді.
- Сараптамалық (статистикалық) — пайдаланушылардың іс-қимылын талдау, келушілердің санын анықтау, көп қаралатын парақшаларды анықтау және т.б. үшін қолданылады.
- Сыртқы соокіе — сараптама және жарнама сервистері орнатады (мысалы, Google Analytics, Яндекс, Метрика және т.б.), иесіздендірілген ақпаратты жинау және сайтпен өзара әрекеттесуді талдау үшін қолданылады.
- Сондай-ақ сессиялық соокіе (браузерді жапқан кезде жойылады) және тұрақты соокіе (ұзағырақ сақталады және пайдаланушы қайта кірген кезде оны тануға мүмкіндік береді) қолданылуы мүмкін.

3.2. Соокіе файлдарын сақтау мерзімі олардың типіне тәуелді және, егер Пайдаланушының браузеріндегі баптауларда өзге нұсқа көрсетілмеген болса, 24 айдан аспайды.

## 4. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ КЕЛІСІМІ

4.1. Сайтты қолдану арқылы Пайдаланушы осы Мәлімдемеге сәйкес соокіе файлдарын пайдалануға өз келісімін білдіреді. Пайдаланушы келісімін кері қайтарып ала алады немесе, өз браузерінің баптауларын өзгерту арқылы, соокіе файлдарын пайдалануды шектей алады.

4.2. Сайтқа алғаш кірген кезде Пайдаланушыға соокіе файлдарын пайдалану туралы хабарлама (баннер) көрсетіледі, онда ол келісім бере алады немесе жекелеген санаттарды пайдаланудан бас тарта алады.

## 5. СООКІЕ ФАЙЛДАРЫН БАСҚАРУ

5.1. Көптеген браузерлер соокіе файлдарын әдепкі түрде қабылдайды, алайда Пайдаланушының мынадай құқықтары бар:

- браузер баптауларында cookie файлдарын пайдалануды шектеу немесе тыйым салу;
  - бұрын сақталған cookie-файлдарын өшіру;
  - жаңа cookie файлдарын алу туралы хабарламаларды баптау.
- Назар аударыңыз: cookie файлдарын сөндіру Сайттың жекелеген функцияларының дұрыс істеуіне әсер етуі мүмкін.

## 6. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ

- 6.1. Cookie көмегімен жиналатын ақпараттың бір бөлігі (мысалы, IP-мекенжай, құрылғы мен браузер туралы мәліметтер, геолокация, сайтпен өзара әрекеттесу тарихы) дербес деректерге жатқызылуы мүмкін. Мұндай деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына, сондай-ақ Сайтта орналасқан Құпиялылық саясатына сәйкес жүргізіледі. Cookie көмегімен жиналған ақпарат статистикалық талдау жүргізу үшін веб-сараптама сервистеріне (Google Analytics, Яндекс.Метрика және т.б.) берілуі мүмкін, бұл ретте деректер иесіздендірілген күйде өңделеді.
- 6.2. Дербес деректерді өңдеу туралы толық ақпарат мына мекенжай бойынша орналасқан Құпиялылық саясатында қолжетімді: *Polyoxidonium.kz*
- 6.3. Cookie қолдану арқылы алынған бүкіл ақпарат иесіздендірілген күйде өңделеді және Пайдаланушының жеке басын анықтау үшін оның тікелей келісімінсіз қолданылмайды.

## 7. КОНТАКТІЛЕР

- 7.1. Cookie қолдану және дербес деректерді өңдеуге қатысты мәселелер бойынша сіз Операторға мына контактілер бойынша хабарласа аласыз:

- **ЖШС «ПВ «Фарм Евразия»**
- **Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, көшесі Маметова, үй 54**
- **Электрондық пошта: [info@pveur.kz](mailto:info@pveur.kz)**
- **Телефон: +7(771) 558 04 67**

## 8. МӘЛІМДЕМЕНІ ӨЗГЕРТУ

- 8.1. Оператор осы Мәлімдемені алдын ала хабарлаусыз өзгертуге құқылы. Өзекті нұсқасы Сайтта әрдайым қолжетімді. Пайдаланушының Сайтты әрі қарай пайдалануы оның осы өзгертулерге келісетіндігін білдіреді.